

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің «6D020200- Халықаралық қатынастар» мамандығы

бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған

Токеева Асель Амантаевнаның

«Стратегиялық әріптестік Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынас формасы ретінде» атты диссертациясына

ПІКІР

Токеева Асель Амантаевнаның «Стратегиялық әріптестік Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынас формасы ретінде» атты диссертациялық зерттеу жұмысының тақырыбы пәнаралық контекстте қаралады: халықаралық қатынастар, әлемдік саясат, саясаттану, саяси демография тағы басқа жаңа теориялар мен тұжырымдар, тәсілдер қолданылған.

Диссертациялық жұмыста зерттеудің өзектілігі, оның мақсаттары мен міндеттері, зерттеу объектісі мен пәні, ғылыми зерттеудің теориялық және қолданбалы әдістерін жүйелі қолдануға негізделген зерттеу әдістемесі мен әдістері көрініс тапқан. Жұмыстың ғылыми зерттелу деңгейі, дереккөздік базасы және зерттеудің ғылыми жаңалығы жүйелі түрде жазылған.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығында алғаш рет «стратегиялық әріптестік» концепт-ұғымына теориялық-концептуалдық контекстінде семиосфералық тұрғыда талдау жасалуы, кейс-стади (талдау) әдісін қолдана отырып, халықаралық қатынастардағы стратегиялық әріптестікті зерттеудің әдіснамалық негіздерінің алғаш рет анықталуы, Қазақстан мен Қытайдың аймақтық платформа аясында ынтымақтастығына талдамалық принципке негізделген сараптама мен олардың халықаралық және аймақтық ұйымдардағы әріптестігіне салыстырмалы талдау жасалуы, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының серіктестігінің саяси-құқықтық негіздері мен бағыттарының нақтылануы, екі елдің ортақ мүдделері, ортақ ұстанымдары және ортақ мақсат-міндеттерінің негізінде бүгінгі геостратегиялық әріптестік трансформациясының ерекшеліктерінің ашылуы, Қазақстан-Қытай әріптестігінің негізгі тенденциялары мен болашағына болжам жасалынған.

Бұл ғылыми жұмыс Қазақстан мен Қытай дипломатиясының тұтас отыз жылдық дәуірін төрт кезеңге бөліп көрсетіп, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, «Бір белдеу, Бір жол» бастамасы және жаңадан құрылған Орта Азия - Қытай (5+1) форматтары аясында қабылданған құжаттарға тыңнан баға беріп, соңғы бірнеше жылда мақұлданған жаңа құжаттарды ғылыми зерттеу өзегіне айналған.

Зерттеу жұмысы жоғары ғылыми-теориялық деңгеймен, эмпирикалық материалды жүйелі талдаумен сипатталады және ізденушімен дербес түрде жазылған.

Заманауи сын-қатерлер, геосаяси және геэкономикалық өлшемдер саясаттану әдіснамасында жаңа деңгейді, тың белестерге көтерілуді талап

етеді, бұл ізденушіден зерттеудің әдіснамасын толығырақ ұсыну қажеттілігін тудырады. Бұл ескерту кеңестік сипатта ғана айтылып отыр және ол диссертациялық зерттеудің ғылыми деңгейін төмендетпейді.

Диссертациялық зерттеу жұмысының маңызды факторының бірі қазіргі уақытта халықаралық қатынастардағы «стратегиялық әріптестік» терминін нақтылау арқылы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы серіктестік қарым-қатынасының түрлі астарлары мен болашағын талдауы, екі ел арасындағы байланыста қалыптасқан күрделі мәселелердің шешімін табуы және қазіргі заман қауіп-қатеріне қарсы тұру барысында ұлттық мүдденің барынша ескерілуімен де өзекті. Тақырыптың өзектілігі ҚР мен ҚХР-ның серіктестігінің перспективасын анықтаудың маңыздылығы тұрғысынан да негізделген.

Қорытындыда зерттеудің қойылған мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін ғылыми негізделген тұжырымдар бар. А.А.Токееваның диссертациялық зерттеу жұмысы өзекті мәселені шешуге бағытталған және аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады. Бұл зерттеу логикалық түрде жазылған, алынған ғылыми нәтижелер негізделген, ішкі өзара байланысты және мақсаттар мен міндеттерге толықтай жауап береді.

Токеева Асель Амантаевнаның «Стратегиялық әріптестік Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынас формасы ретінде» атты диссертациясы жоғарыда аталып өткен сипаттаманы негізге ала отырып «Ғылыми дәрежелерді беру ережелеріне» сәйкестігін растай отырып, «6D020200-Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін лайық деп санаймын.

Пікір беруші:

**Ш.Ш.Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институтының
жетекші ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының кандидаты**

Ошан Жанымхан

Тел: 87014393766

E-mail: zhan918@mail.ru

